

## Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1799

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 27 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас

басқармасына Бас басқарма бастығының бір орынбасарын, сондай-ақ 9 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас басқармасының орталық аппараты үшін 2 қызметтік женіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңындағы Геодезия және картография бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 қарашадағы N 1248 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 19 желтоқсандағы  
N 1799 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының Геодезия және картография  
бас басқармасы орталық аппаратының  
КҰРЫЛЫМЫ

Қаржы-экономика бөлімі  
Геоакпараттық жүйелері бөлімі  
Геодезиялық қадағалау және режим мемлекеттік инспекциясы  
Әкімшілік-шаруашылық бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК